

№ 3 дәріс

**Тақырып: Биология орта мектептің
оқу пәні ретінде**

Биология орта мектептің оқу пәні ретінде

Орта мектептегі биология пәні мен биология ғылымының арасында үлкен айырмашылық бар. Бұлардың мақсаттары мен көлемі, құрылымы және баяндау әдістері мен формалары өзгеше.

Орта мектепте биологияны оқытуға белгілі ғана уақыт бөлінген, сондықтан оқушыларды нақты ғылыми негіздермен таныстырады және ғылыми проблемаларды артық информациясыз түсіндіреді.

Биология ғылымы өзінің даму кезеңінде жеке ғылымдарға бөлінсе (анатомия, систематика, т.б.), дифференциалданса, мектеп биологиясында жеке ғылымдардың элементтері біріктірілген, интеграцияланған.

Сабақ мемлекеттік бағдарламаға тұрақты сабақ кестесіне сай мектеп оқу орындарында бірдей жастағы балалар ұжымы мен мұғалімнің ұйымдастырған оқу-тәрбие жұмысы. Биология сабағында мұғалімнің басқаруымен оқушылар, жүйелі мемлекеттік бағдарламалардың тобына сай теориялық білім практикалық дағды білікті алуы және жан-жақты жеке дамуы жүзеге асады. Сабақта жас ұрпақтың дүниетанымдық негізі қаралады. Негізгі оқу материалы сабақта оқылады. Онымен басқа биологияны оқыту түрлерімен (топ серуен) тәжірибе қою, тірі табиғи бұрышты бақылау, кеш өткізу сыныптан тыс оқу байланысты.

Сабақта мұғалімнің басқаруымен оқушылар білімнің қарапайым сатысынан күрделіге аяқ басады. Логикалық ойлауға үйренеді. Биологиялық ұғымның құрамын ескере отырып, мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оқу материалын берудің әдісін тандайды. Сол сабақты көрнекіліктермен қамтамасыз етеді. Жергілікті жердің маусымдық ерекшелігіне байланысты мұғалім қандай үлестірме құралдарды міндетті түрде жинап алу, тірі табиғат бұрыш үшін қандай өсімдіктер мен жануарларды қай уақытта жинап алу, қай кезде топ серуен өткізуге мұражайға баруға болады соның барлығын ескеру қажет.

Мұғалім қандай сарамандық жұмыс тәжіребелерді жасап демонстрациялауды, сабақты қай кезінде пайдалану қажеттілігін, қай әдебиеттерді сыныптан тыс оқуға болатынын қарастыру қажет. Барлығын алдын-ала қарастырып жоспарлауы қажет. Тақырыпқа сағаттарды бөлу, жылдық жоспар құру кезінде өтілу мерзіміне мейрамды күндер тура келсе, оны ескеру керек. Мұғалім тақырып бойынша бағдарламалардан ауытқуы мүмкін.

Орта мектептерде биология сабағының негізгі екі түрі бар: *дәстүрлі* және *дәстүрсіз*. Әрбір сабақ белгілі класс үшін дәл осы пән бойынша өткізілетін сабақтар жүйесіне ене отырып, сонымен бірге оқу процесінің аяқталған буыны болып табылады. Сабақ типологиясы әрі қиын, әрі күрделі мәселе. Оның типологиясы мен құрлымы туралы педагогикалық баспасөз беттерінде бірнеше талас пікірлер айтылып келеді.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда биология сабағының типтері төмендегідей:

- кіріспе;
- жаңа білімді игеру;
- білімді қабылдау және бекіту;
- білімді тексеру;
- білімді қайталау және қорыту.

Биология курсында сабақтың әртүрлі типтер арақатынасы бірдей емес. Ол курстың мақсатына, оқу-тәрбиелік мақсатқа байланысты. Дегенмен жаңа материалды оқыту сабағы мен түсіндіру лабораториялық сабақ сияқты көбірек қолданылады. Сабақтың әртүрлі типтері мен түрлерінің құрлымы оқу материалының мазмұнына дидактикалық мақсаты әртүрлі әдістемелік құралды пайдалануға байланысты.

Орта мектептерде биология сабағының кез- келген типінен оның буындары арасындағы байланысты анықтаудың уақытты дұрыс бөлудің оның басты дидактикалық мақсаттарына бағынуының мәні зор. Ондай болмаған жағдайда сабақтың жалпы жүйесі бұзылады. Ол ұғымдардың дамуына оқушылардың ғылыми дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына теріс әсер етеді.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Н.М.Верзилин «Общая методика преподавания биологии» М,1972ж.
2. В.М.Корсунская «Уроки общей биологии» М,1970г
3. Зверев И.Д., Мягкова А.Н. «Общая методика преподавания биологии»

Назарларыңызға
рахмет!!!